

ELEMENT

FOR THE

ҚАНАТЫ ҚИЫЛҒАН ҚЫРАН

БҰДАН 17 жыл бұрын, 1989 жылғы 7 сәуірде Кеңес Одағының «Комсомолец» атом сүңгуір қайығы Солтүстік мұзды мұхиттың Норвег теңізінде әскери-оқу жаттығуын жүргізіп жатқан кезде күтпеген жерден апатқа ұшырады. Кемеңің бір бөлігінен лап етіп тұтанған өрт салдарынан К-278 субмарині 1,5 шақырым тереңдіктегі су түбіне шым батып кетті. Норвегияның Медвежий аралының жанында орын алған осынау оқиғаның ойраны кемеңің жеке құрамдағы 69 теңізшісінің 42-сінің өмірін жұлып әкетті. Бұл құрбандар қатарында тегі Қазалы өңіріне қатысы бар қазақ нәсілді азамат Талант Бөрікұлақов та бар еді. Апатты ауыздықтау бағытында көрсеткен жанқиярлық ерлігі үшін дивизия командирінің саяси істер жөніндегі орынбасары, 1-ші рангалы капитан қаза тапқаннан кейін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Қызылордалықтар Солтүстік мұзды мұхитта өздерінің осындай даңқты жерлесі жүргенін осы оқиғаның дақпырты дүйім елге мәлім болған соң ғана барып білді.

Әлқисса, біздің бүгінгі кейіпкеріміз Таланттың әкесі Әмитжан Бөрікұлақов ауыл-аймаққа аты мәлім айтулы азамат болатын. Кешегі ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен шақта жасы он сегізге жаңа толған балаң жігіт өз қатарларымен бірге қолына қару ұстап, Отан қорғауға аттанады. Майдан шебіндегі әскери бөлімге келгесін ол взвод командирі шенінде соғысқа кіреді. Сұрапыл шайқастарға үш жылын арнаған Әмитжан ұлы Жеңісті Белоруссия жерінде қарсы алады. Бірақ, соғыс біткенімен, жауынгерлердің бәрі бірдей елге қайтарылмайды. Өйткені қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне белсене араласатын әлеуетті әскер күші қажет еді. Осындай себеппен жас жігіт бөлімдегі қызметін белгісіз мерзімге дейін жалғастыруға қалып қояды.

Әскери тіршіліктің ендігі жолы аға лейтенант Әмитжан Бөрікұлақовты Горький қаласына алып келеді. Бұл өзімен бірге қан майданда қатарға тұрған медбیبі Клавдияның туған жері еді. Мұнда келгесін қайта табысқан бұлардың арасындағы бұрын тұтанған сүйіспеншілік сезімі енді от-жалынға айналады. Сымға тартылғандай сымбатты жігіт көгілдір көзді орыс бойжеткенінің қашаннан көңіл түкпірінде жүретін. Бірін-бірі қапысыз түсінген екі жас ақыры көп ұзамай отбасын құрайды. Арада бір жылдай мерзім өткесін, 1947 жылдың 5 мамыры күні жас отауға іңгәлаған сәби келеді. Оған бұлар Талант деп ат қояды.

Алайда, әрбір басталған істің аяқталатын да шағы болады. Бұлардың бақытты күй кешкен сәттерінің тәмамдалар кезі де жетеді. Сұлу Сырдың бойында емін-еркін өскен жас жігіт уақыт ұзаған сайын туған жерге деген аңсары ауып, елді сағына бастайды. Құдай қосқан қосағының көңілі алаң, жаны жаралы қалыпта жүргенін Клавдия Николаевна да тамыршыдай сезініп, іштей мүжілуші еді. Олай болатыны, өзі де ата-анасының әлпештеп өсірген жалғыз перзенті болатын. Сондықтан қарт әке-шешесін тастап, сахараға тартып кетудің өте қиынға соғатынын жан-дүниесімен пайымдай біледі. Осылай екі оттың ортасында қалған Клава жеңгей ақырында бір шешімге

тоқтайды. Ол Әмитжанға рұқсатын беріп, туған жеріне қайтуға ақ жол тілейді. Айырылыстарда бір жастан жаңа асқан перзенті мен зайыбының беттерінен құшырланып сүйген Әмитжан артына қарай-қарай Қазалыға тартып кетеді.

Сағынып жүрген елге келіп, мауқын басқасын Әбекең мұндағы тіршілікке қызу араласады. Шаруашылықтың әр қилы жұмыстарына қатыса жүріп, Қызылорда педагогикалық училищесін бітіреді. Содан соң біраз жыл мектепте мұғалім болады да бертін келе кеңес жұмысына араласады. Одан кәсіподақ саласына ауысып, бұл қызметті 1986 жылы зейнетке шыққанға дейін атқарады.

Осы арада айта кетер бір жәйт, елге оралғаннан кейін Әмитжан аға қайтадан шаңырақ көтеріп, түтін түтеткен болатын. Бұл отбасыдан Таланттың інілері – Базаралы мен Талайлы өрбіді. Кейін қосылған қосағы Алуаш анамыз да жаны жомарт, жүрегі жаз жақсы жан болып шықты. Сол кісінің кеңдігінің арқасында Әбекең сонау орыс жерінде қалған ботасынан көз жазып қалған жоқ. Жыл аралатпай болмаса да баласының әр түрлі өмір белестері кезінде ол баяғы Горький қаласына арнайы барып, ат ізін салып тұрды. Тұла бойы тұңғышы алғаш мектепке барғанда, оны бітіргенде, сосын адмирал Нахимов атындағы жоғары теңіз училищесін үздік аяқтап, үйленген кезінде қайран әке баласының жанынан табылып отырды. Кейін немерелі болған тұсында да қоржынын арқалап, жастық шағының жақсы кезі өткен шаһарға барып тұрды. Қолынан келген көмегін аямады.

Әмитжан аға Таланттың 1989 жылғы 7 сәуірде қаза тапқанын естімей кетті, қария оның алдында бақилық болған еді. Оның бұл хабарға шыдамауы да мүмкін-тін. Өйткені, шет жақта жүрген ұлының алдында ол өзін әрдайым қарыздар сезінетін. Ал, дүниені дүр сілкіндірген жоғарыдағы қайғылы оқиғадан соң Қызылордадан аттанған арнайы делегация Таланттың отбасы тұрған Мурманск қаласына барып қайтты. Оның құрамында болған Базаралы мен Талайлы әкелері Әмитжан жерленген зираттан бір уыс топырақ алып, бауырының қабіріне салып келді.

– Бұл біздің туысқандық парызымыз еді, – дейді қазір Талайлы Бөріқұлақов.
– Қазалыдан барған делегацияны Мурманскіде тұратын қандасымыз Мұрат Избасханов күтіп алды. Біздің “Өркендеу» кеңшарынан шыққан бұл ініміз көп қолғабыс жасады. Жеке автокөлігімен бақылау пунктіне жеткізіп салды. Осы жерде әскери теңіз басшылары қарсы алды. Артынша ағамыз қызмет еткен орынды көріп, әріптестерімен жүздесіп, өзімен қауышқандай күйге түстік. Жиыннан соң жеңгеміз Татьяна Ивановнамен, Таланттың балалары Наталья және Артурмен жолығысып, көңіл айттық. Бір таңданарлығы, Артурдың сыртқы пішін-бітімі әкемізден аумайды екен. Алғашында томаға-тұйық жүрген ол қоштасарда жұбатуға көнбей ұзақ егілді...

Осы делегацияның құрамында болған ақын Сейіл Боранбаев кейін сол күндерден көлемді мақалалар жазып, Қызылорда облыстық “Ленин жолы» газетінің екі нөміріне жариялады. Сол жазбада ол Таланттың әйелі Татьянаның Базаралы мен Талайлының өз күйеуіне ұқсас жақтары көп екенін айтқанын сөз етеді. Талант ата-бабасы туып-өскен мекенге бір барып

кайтуды көптен армандап жүреді екен. Бірақ, уақыттың тапшылығы бұған соңғы күндерге дейін ешбір мүмкіндік бермеген.

Атом сүңгуір қайығы апатқа ұшырағаннан кейін еліміздің көптеген бұқаралық ақпарат құралдары сол кемеңіздің құрамында болған жауынгерлер туралы көп әңгіме қозғады. Соның ішінде Талант Бөріқұлақов туралы да аз жазылған жоқ. Бұл тегіннен-тегін емес еді. Сол мақалалардың бәрінде де біздің қандасымыздың ой-өрісінің жоғарылығы, білімінің тереңдігі алдымен ауызға алынады. Әскери-теңіз училищесін бітірген соң, флотқа қызметке келген ол сүңгуір қайықты техникалық жағынан өте жақсы білген. Мұның өзі оның экипаж алдындағы абыройын асқақтатып жіберген. Әдетте, саяси қызметкердің техника мен қарудың қыр-сырына қанықтығы оның матростармен әңгіме жүргізуін анағұрлым жеңілдеті түсетіні анық. Осы жайында кезінде Горький облыстық «Ленинская смена» газетінде жариялаған «Талант десе, талант еді» деген мақаласында онымен әскери-теңіз қызметін бірге бастаған Николай Шеркашин әдемі айтады. Автордың жазуынша, шығыс адамдарына тән сұлу жүзді Талант сыпайылықтың да үлгісі ретінде танылған. Сонымен бірге қара қылды қақ жаратын әділдігімен, шындықты бетке айтатын турашылдығымен қатарынан көп ерекшеленіп тұрған. Горький облыстық жастар газетіндегі мақала иесі Талант қаза тапқаннан кейін оның суреттерін жинастыра бастайды. Сөйтіп жүріп бір фотоның тарихын естиді. Сол жылдары мичман оған біздің қандасымыздың суретін әкеп беріпті. Оны өзі түсірген екен. Суретті ұсынып тұрып, мичман өзінің «Жигули» жеңіл көлігінің кезегінде екенін, реті келсе, соны тездетуге ықпал жасауын сұрайды. Бұған жауап ретінде Талант жаңағы өзінің суретін алады да, артқы жағына: «Қымбатты автор жолдас, сәтті шыққан сурет үшін рахмет. Әйткенмен, мәшинені бөлетін мен емеспін, ол тұрғын үй-тұрмыстық комиссиясының жұмысы. Қызметте табысқа жетіңіз. І-ші рангалы капитан Бөріқұлақов», деп жазып, оны жігітке қайтарып береді. Осыны естіп таң қалғанын білдірген автор Таланттың сол кездердегі «дефицит» заттардың дивизияға келгендерін тізіп, штаб дәлізіне іліп тұрғанын да еске түсіреді. Көзкөргендер айтып отырса, оның қызмет сатысымен өсуі де оңайға соқпаған. Аты-жөні мен өңі «азиат» екенін білдіріп тұратындықтан ондағылар Талантты өсіруге оншалықты ықылас таныта қоймаған. Алайда, өзінің қабілеті мен біліктілігінің, қызметке таза берілгендігінің арқасында жоғарыдағылар оны «көруге» мәжбүр болған. Сол баспалдақпен қырыққа жақындаған шағында дивизия басшыларының біріне айналған...

Біздің кейіпкеріміз Талант Бөріқұлақов Орта Азия мен Қазақстаннан барған туғандарға әр кез қамқорлық жасап жүруді де өзінің абзал борышы санаған. Жоғарыдағы делегацияның теңізшілермен кездесуі кезінде Әкімжан Расулов деген өзбек жігіті дивизияға алғаш келген уағында Таланттың қолдауына тап болғанын ризашылық сезіммен еске алады. 1986 жылдың қараша айында флотқа қызметке кірген ол әдепкіде мұндағы қиындыққа көндіге алмайды. Соны сезген Талант оған келіп, қол ұшын созады.

«Комсомолецтегі» атышулы апат кезінде біздің жерлесіміз асқан ерліктің үлгісін көрсетіпті. Ол алапат өртпен арпалыста өзінің емес, өзгенің өмірін

сақтап қалуға барынша жанын салып баққан. Бұл туралы капитан-лейтенант Александр Везегов әңгімелей келіп, оның бойында үлгі алатын нәрсенің өте көп болғанын айтады. Соңғы жорықтың өзінде каютасында көсіліп жатып алмай, отсектерді тынымсыз аралап, жүрген екен. Ал, өрт шыққанда түтіннен уланған теңізшілерді жоғарыдағы капитан мінбесіне қарай тасуға кіріседі. Келесі капитан-лейтенант Анатолий Калинин шалажансар матростарды құтқарып қалу қамымен дәрігерлерге көмектесумен болғанын баяндайды. І-ші рангалы капитан Борис Коляда: “Ол менің салға мінуіме көмектесті», деп жазады. Теңізшілерге осылай қара терге түсіп жәрдемдесіп жүргенде, ол өзінің ішкі органдарының әбден уланып қалғанын сезбейді. Сондықтан ең соңынан салға келіп сұлағанда, әл-дәрмені құриды. Сол сәтті мичман Михаил Анисимов былай суреттейді: “Бір жерге үймелеген біз салды жағалай ұстап теңізде қалқып тұрдық. Қанша сақтансам да су жұтып қоя бердім. Қасымда Талант Әмитжанұлы тұрды. Мен одан жағдайының қалай екенін сұраумен болдым. Ол өте бәсең үнмен қайта-қайта жақсы екенін айтқан. Біз тартқан азапты өмірінің соңғы минөтіне дейін ол да тартты. Құтқарушы баркас келгенше бәріне шыдап бақты. Ал, қайыққа мінгесін оның денесі қатты қалшылдап, құрыса бастады. Сәлден кейін жүрегі біржола тоқтады». Ержүрек теңізші бауырымыздың ақтық демі осылай үзіліпті. Есіл ердің мүрдесі бір кездері әкесі мен шешесі бірге тұрған, өзі дүниеге келген Нижний Новгород (бұрынғы Горький) қаласына қойылды. Оның соңында қалған отбасысы да шаңырақтың тірегі қаза тапқалы бері сонда тұрып жатыр. Әйелі Татьяна Ивановна орта мектепте мұғалім. Күйеуінен екі жастай кішілігі бар ол жесір қалғанда бар-жоғы 40-та болыпты. Сол кездердегі уәдесіне сай құдай қосқан қосағының отын өшірмей, екінші мәрте ерге шықпай, оның балаларын адам етіп шығаруға бар өмірін арнаған. Сол екі баланың үлкені, 1969 жылы туған Наталья қазір Нижний Новгород қалалық қазынашылық департаментінде экономист болып қызмет етеді. 1972 жылғы ұлы Артур қалалық ішкі істер бөлімінде қызмет атқарады. Офицер. Енді Таланттың өз анасы Клавдия Николаевнаға келсек, ол кейінірек тұрмыс құрған көрінеді. Бір қызығы, асыл ана кейінгі күйеуінен туған ұлы Анатолийдің фамилиясын да “Бөрікұлақов» деп жаздыртыпты. Сонда көне Горькийде екі бірдей Бөрікұлақов өсіп-жетілген ғой. Кейін тап осы ізбен оның екі қызы Әмитжан көкеміздің тегін қабылдапты. Қазалыдағы Бөрікұлақовтар әулеті де жапырақ жайған бәйтерекке айналған. Осындағы “РЗА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде істейтін Базаралының ұлы мен қызы аяқтанып, немере сүйгізіп отыр. Аудандық салық комитетін басқаратын Талайлы да ауылдастар алдында беделді, отбасында үш бала тәрбиелеуде. Қазір Әйтеке би кентіндегі бір көше Таланттың атында. Қаладағы .Мұратбаев мұражайында оған арнайы мүйіс бар. Бір ерліктің соңғы жаңғырығы осындай.